

Карсыбаева А.М., Досбаганбетова А.Т.

*Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті,
Шымкент, Қазақстан*

Оқушыларды дәстүрлі музыкалық өнерге баулу

Қазақ халық музыкасы көптеген ғасырлар бойы, тіпті жазу-сызу пайда болғанға дейін қалыптасып, дамып отырды дедік. Оған оның тамаша идеялары мен дәстүрлерін сақтап, ұрпақтан ұрпаққа жеткізуде қазақ халық музыка шығармашылығы мен қолданбалы өнері айрықша рөл атқарды. Олар балалар мен ересектер тәрбиесінің таптырмайтын құралы, әдіс-амалы, тәсілі, белгілі ережелері мен әдет-дағдылары болды, құнды адамгершілік қасиеттерін (қайырымдылық, мейірімділік, ізеттілік, инабаттылық, бауырмалдық, туыстық, достық, жолдастық сезім, туған жерге, елге сүйіспеншілігін, ұлттық намыс, ата-баба дәстүріне сыйластық көзқарас, ұлттық өнерді құрметтеу, сақтау, отансүйгіштік көзқарас т.б.), психологиялық-эмоционалдық қасиеттерін (болмыстағы қуанышты сүйіспеншілік сезімімен қабылдау, байыптау елестету, есте сақтау, ойлау т.б.), эмоционалдық-эстетикалық қасиеттерін (өнердегі, табиғаттағы әдемілікті, әсемдікті, сұлулықты талғаммен, сүйіспеншілік сезімімен қабылдау, ләззат алу, әсерлену, эстетикалық тұрғыда баға беру т.б.) қалыптастырды. Олардың маңыздылығы бүгінгі күнде тіпті артып отыр.

Бүгінгі күні білім берудің мәселелерінің бірі-ұрпақты жан-жақты етіп, бойына сұлулық пен эстетиканы сіңіріп өсіруі. Педагогикалық білім берудің мақсаты мен мазмұны заманауи талаптарға сай, жаңаша қалыптасып отырған ұрпағымызға дұрыс тәрбие беріп, олардың бойына туған өлкесіне, халқына деген адамгершілік пен сүйіспеншілік сезімдерін дарыту. Өйткені, ұлттық музыка өнері-жас ұрпақтың рухани, эстетикалық, дүниетанымдық көзқарастарын жарасымды қалыптастырып, көркемдік сезімталдығын арттырып, талғам өрісінің біртұтас дамуына ерекше ықпал етеді.

Ұлттық шығармаларды оқытудағы басты мақсат- халық фольклорының адам өміріндегі маңызы терең түсінетін музыкалық және рухани жағынан жете дамыған жеке тұлғаны тәрбиелеу. Оқушыларды қазақтың ақындық, жыршылық, айтыс және аспаптық (күйшілік) өнеріне тарту олардың мазмұнды да көлемді шығармаларға деген қызығушылығын арттыру болып табылады.

Кез келген бағдарламаның міндеті оқыту үрдісінің білімділік, тәрбиелік және дамытушылық бірлігіне жету. Әрине, бұл оңай емес, көп жағдайда жетістікке бірден жете қою мүмкін емес және оны шешудің жолдары да нақты жағдайлардың өзінде де әртүрлі болып келеді. Музыкалық оқытудың өмірмен байланысы іс-әрекеті музыка мен өмірдің байланысы түрінде орындалады. Яғни музыканың өмірмен байланысы өнер негізі ретінде жүзеге асырылады. Бұл байланыстың жетістігі бағдарлама бойынша музыка сабақтарының өзінше «болашақ басты міндеті» жағымен қарастырылады.

Бұл кезеңнің басты оқу-тәрбиелік міндеті-оқушылардың меңгерген музыка жөніндегі түйінді білімдері музыканы қабылдау үрдісін ұйымдастыру барысында өмірдегі жалпы бағдарлар ретінде орындалады. Музыкалық білім берудің екінші кезеңінің мазмұнына екінші сынып оқушыларының өмірлік тәжірибесін, ой-өрісін кеңейтетін шығармалар жатады. Олар қазақ халқының әдет-ғұрыптарын, дәстүрлерін, тарихын, өнерін құрметтейтін, музыканы өмір бейнесі ретінде қабылдайтын тұлғаның дамуына бағытталған «Ән-күй - халық үні», «Аңыз-ертегілер әлеміндегі ән мен күй» сияқты тақырыптарды оқиды. Ең алдымен, оқушыларды қазақ әдет-ғұрыптарына арналған шығармалар «Жар-жар», «Той бастар» және т.б. ресми әндер мен күйлерімен таныстырады.

Дәстүрлі музыканың тәрбиелік мәні-өмірлік тәжірибедегі кезең (туған күн, алғашқы баланың қадам басуы, үйлену және т.б.) үлкен оқиғаға айналатынын және ондағы музыканың маңыздылығын, қоғамда тұлға ретіндегі адам рөлін балалардың түсінуі. Өмірдегі лирикалық тұрмыс құбылыстарды бейнелейтін музыкалық шығармаларды, соның ішінде, жоғарыда атлағандарда, біріншіден, оларға тән және толығымен шоғырланған мағына (мазмұн) нақты және ашық түрде орындалады, екіншіден, ол эмоционалдық жоғары, динамикалық түрде көрінеді.

Осының бәрі оқушыларға музыкалық өнердің өмірдегі маңызын жаңа жақтарын түсіндіруге көмектеседі. Оқытудың екінші кезеңіндегі бағдарламаға енгізілген шығармалар бірінші кезеңмен салыстырғанда өмір мағынасының үлкен тереңдігімен, жалпылығымен, өмірлік сезім және бейнелерінің кең диапазонымен (Тәттімбеттің «Сары-жайлауы», Құрманғазының «Сарыарқасы», «Жар-жар», «Үй жануарларының таласы», «Жетім бала» және т.б.) ерекшеленеді. Оқушыларды оқытудың мазмұны (үшінші кезең) оқушылардың өмір мен музыканың байланысы туралы түсініктерінің әрі қарай тереңдетілуіне және кеңейтілуіне бағытталған. Ол, ең алдымен, оқу сабақтарына бағдарлама мазмұнында анық бейнеленген әлеуметтік бағыттылық есебінде жүзеге асырылады. Оқушыларының білімдері жыр, терме, айтыс сияқты ауызекі ақындық өнер шығармаларына деген қастерлі қарым-қатынаста және тәрбиеге құрмет негізінде жүзеге асырылады; білім алушылардың жалпы және музыкалық дамуы қалыптасады, сонымен қатар, «Эпос сарыны», «Ақыл, нақыл, өсиет», «Айтыс өнері», «Күй тартыс» тақырыптарымен танысып, білімдерін одан әрі қарай меңгеруін жалғастырылады. Мысалы, «Алпамыс батыр» эпосында речитативтік сазды декламациялық өлең «жыр» ерекшеліктерімен таныстыру іске асырылады, өмірге және өнерге деген эстетикалық қатынас, азаматтық және отаншылдық сезімдер тәрбиеленеді. Оқушылар айтыс түрлері Біржан мен Сара, Жамбыл мен Құлмамбетті тыңдайды, яғни айтыстардың мазмұнын тереңірек білуге және ой-сана байлығымен салыстыра отырып талдау жасалынады. Сонымен бірге, оқушылар Бұқар жырау, Махамбет халық термелерін тыңдай отырып, «терме» жанрымен танысады. Құрманғазы, Дәулеткерей, Қазанғап тартыстарын естиді.

Жалпы, оқушылар қазақ халқының әндері музыкалық дәстүрлері туралы білім, қазақ халық әндері жайлы «алтын қорын» құрайтын шығармалары

туралы түсінік алады. Татар халқының музыкасы әр түрлі дербес іс-әрекетте белсенді шығармашылықпен жүзеге асырудың бірлестіретіні жайлы мазмұндалады.

Оқушылардың қазақ халық әндері мазмұны жағынан меңгеру процесінде әртүрлі шығармашылық тапсырмаларды пайдалану (суырыпсалма (импровизация), музыкалық елестер, ойындар, ребустар, музыка тақырыбына шығармалар, т.б.) арқылы оқушылардың музыкалық-шығармашылық қабілеттерін, адамгершілік-эстетикалық және эмоционалдық-психологиялық қасиеттерді дамытуға ықпал ету жолдары ойластырылған. Қазақ халық музыкасының бастауыш сынып оқушыларын тәрбиелеудегі мәні мен ерекшеліктерін анықтауының музыкалық педагогика үшін маңызы зор [64].

Қазіргі таңда жалпы білім беру кешендерінде музыка сабағын жоғарғы дәрежеде өткізу көзделіп отыр. Музыка пәні – шығармашылық пән. Оған көптеген ізденіс, шығармашылық, іскерлік, тапқырлық өте қажет. Осы күнге дейінгі музыка бағдарламалары әртүрлі құрылымда, түрлі авторлардан туындалып жатса да, барлығының да мақсаты халқымыздың және де басқа ұлт-халық өкілдерінің байырғы сазын терең мазмұнда кейінгі ұрпаққа жеткізу, насихаттау болып табылады.

Балалардың музыкалық тәрбиесі дәстүрлі мәдениет тұрғысынан кеңінен берілуі қажет. Өйткені жас шәкірттің дүниетанымы алдымен ұлттық музыка, халық өнері арқылы дамып, басқа жанр түрін сабақтастыра байланыстырып саз әлемінің тұңғышына өріс алады.

Әлемдік педагогикалық зерттеулерді саралау, оларды қазақ мектебінің үрдісіне ұтымды қолдану, ұлттық жүйенің ерекшелігін ескере отыра жаңа педагогикалық технологиялар мен инновациялық бағыттарды жұмыс формаларында орынды пайдалану тәрізді мазмұнды жұмыстар түзілуде. Бүгінгі мақсат халықтың музыкалық педагогика саласының сол озық идеяларын жандандырып, білім беру жүйесіне енгізу отыр.

«Музыкалық тәрбие әдістемесі» білім беру жүйесіне әрдайым бағынады және музыкалық педагогика үрдісін дамытады. Болашақ ұрпақтың дәстүрлі сазын бойларына сіңірте келе әлемдік саз әлемімен ұштастырып, рухани байлықты жан дүниесіне игереді.

Әдебиет:

1. Музыка әлемінде (журнал).- №2.- 2004
2. Қоспақов З. Қазақтың әншілік өнері.- Алматы: Өнер.- 1999
3. Алаш айнасы газеті.- 2010